

"Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 45 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 45 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 27 қаңтардағы
№ 26 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
№ 45 қаулысымен
бекітілген

Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік нормативтерге сәйкес әзірленді және режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) режимдік аумақтардың аймақтары – елді мекендердің шегіндегі және олардан тыс жерлердегі қорғалатын объектілерді орналастыруға арналған аумақтар;

2) режимдік аумақтардың аймақтарына іргелес жатқан аумақтар – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес режимдік аумақтардың шекараларына тікелей жанасып жатқан аумақтар.

2-тарау. Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі

3. Осы Қағидалардың талаптары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес белгіленген режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтары шекаралары шегіндегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілеріне қолданылады.

4. Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің ерекше реттелетін және қала құрылысын регламенттеудің аумақтық объектілері болып табылады.

5. Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес санитариялық-қорғалатын және күзетілетін аймақтар белгіленетін ерекше режимдегі объектілер орналастырылатын (орналастырылған) арнаулы аймақтарды қамтиды.

6. Елді мекендерде күзетілетін объектілерді орналастыруға арналған режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтары периметрі бойынша 100 (бір жүз) метр, ал елді мекендерден тыс жерлерде жер учаскесінің сыртқы шекараларынан 1 (бір) километр қашықтықпен шектелген жер учаскелері болып табылады.

Режимдік аумақтардың аймақтарына іргелес жатқан аумақтарда орналастырылатын жаңа объектілерді салу кезінде арақашықтық, биіктік және қабаттылық бойынша нормалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде айқындалады.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген аумақтардың шегінде құрылыс қызметін жүргізу үшін жер учаскесін беру кезінде жер учаскесін таңдау актісі және беру схемасы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына, 44-1-бабының 4-тармағына және 44-2-бабының 10-тармағына сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі.

8. Режимдік аумақтар мен оған іргелес жатқан аумақтардың аймақтарын пайдалану сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес бекітілген қала құрылысы жобаларына (бас жоспарлар және егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары) сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК